

Ж. С. Әутай, 1-курс
Ғылыми жетекшісі: А. Б. Рахметуллаев, ІІО басқару кафедрасының
оқытушысы
(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды
академиясы)

ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫНДА ӘЛЕУМЕТТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖЕТІЛДІРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қазақстан ғасырлар тоғысында тәуелсіз елге айналып, саяси, әлеуметтік және экономикалық өзгерістерге негізделіп бүгінгі қоғамда өсіп жатқан және әлеуметтік құқықтық қатынастың жетілдіру проблемаларын шешу қажеттігін қойып отыр.

Осыған орай бүгінгі Қазақстан Республикасының заңдарын дамытып, құқық қолдану іс—тәжірибесін жетілдіру және құқық тәртібін нығайтудың бағдарлы идеялары еліміздің тұңғыш Президенті Н. Назарбаевтың «Қазақстан - 2030 Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» халыққа Жолдауының бөлімінде былай айтылған: ашық, демократиялық қоғамның іргесін дәйекті нығайта отырып, біз демократия мен құқық тәртібі — ажырағысыз ұғымдар екенін, бірінсіз бірінің өмір сүре алмайтынын естен шығармауымыз керек. Сондықтан да азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғайтын пәрменді жүйе қажет. Мемлекет тарапынан халықты әлеуметтік қолдау ол нысаналы әрі атаулы сипат алған жағдайда ғана нәтижелі болады¹.

Біздің елімізде болған әлеуметтік-құқықтық мәселелер, қоғамдық құрылу кезеңдері тек қана нарықтық экономиканың көмегімен шешіледі, қолданылған шаралар халықтың әлеуметтік—психологиялық және құқықтық қолданыс өрісін құруда жеткіліксіз бағытталған болды. Әлеуметтік және құқықтық қызмет бүгінгі жағдай талаптарына сай халықпен жұмыс жүргізу ісіне дайын емес. Оның себептері де аз емес бірақ негізгілері осы құрылған әлеуметтік-құқықтық жағдайда жұмыс жүргізу үшін арнайы сәйкестендірілген теоретикалық және тәжірибелік дайындығы бар мамандардың жетіспеушілігінен болып отыр. Әлеуметтік—құқықтық ортада жұмыс істейтін мамандарды дайындау қажеттілігі экономика және мәдениет ортасында өсіп жатқан өте маңызды өзгерістерге де байланысты өзекті мәселе болып отыр. Қоғамның өмір сүру әрекетін жоғарлату шартында әлеуметтік—құқықтық бағытта жұмыс істейтін мамандардың әрекетін күрделендіре түседі, осының салдарынан оларды дайындау жүйесі қайта құрылу керек. Бүгінгі күнде ақиқат нәрсе ол жоғары орындардың алдына қойған мақсат — келешек әлеуметтік-құқық бағытындағы мамандарды әлеуметтік жұмыс және саясат аумағында қажетті біліммен қаруландыру. Осы мақсатта мәселенің негізгі мәні әлеуметтік жұмыс және саясат келешек маманың дайындауда ойластырылған жүйені негіздеу және құру болып отыр.

Қазіргі кезде мемлекеттің әлеуметтік саясаты халықты нарық қатынастарының тигізетін әсерінен сақтауы тиіс, ол қоғамда әділдікті қамтамасыз етуі керек. Жергілікті әлеуметтік жұмыс мемлекетіміздің әлеуметтік саясатын қолдауға, оны өткізуге шақырады. Осыдан әлеуметтік жұмыс пен әлеуметтік саясаттың байланысы көрініс береді.

Әлеуметтік жұмыс пен әлеуметтік саясаттың байланысы — осы саясаттың әлеуметтік қызмет арқылы жүргізуінде. Мемлекеттің әлеуметтік саясаты өзінің тұрақты орындалу механизмдері (әлеуметтік қызметтің көп түрлері, әлеуметтік бағдарлама, мемлекеттік шешімдер мен шаралар) арқылы халыққа көмек көрсетеді. Жемісті әлеуметтік саясат еліміздің келешегін дамыту үшін қолайлы жағдай жасауға арналған².

Құқықтық мемлекетті құру және оны аяқтау адамның құқығы мен бостандығын қамтамасыз етумен, мемлекеттің азамат алдындағы және азаматтың мемлекет алдындағы жауапкершілігімен, заң беделін арттырумен және оны барлық мемлекеттік органдардың қатаң түрде сақтауымен, қоғамдық ұйымдармен, ұжымдармен және азаматтармен, құқық қорғау органдарының жемісті жұмысымен байланысты, яғни болып жатқан өзгерістерге байланысты жұмыс жасау үшін жаңа кадрлар дайындаумен байланысты сұрақтардың айтарлықтай қажетті мәні бар.

Әлеуметтік-құқықтық салада мамандарды даярлаудың теоретикалық концепциясын жасауда бізге әлеуметтік жұмыс, әлеуметтік—құқықтық сапа, әлеуметтік-құқықтық іс-әрекет, әлеуметтік заңгер сияқты түсініктерді мақсатқа сәйкес анықтау мүмкіндігі тиіп отыр.

Біздің анықтауымыз бойынша, әлеуметтік-құқықтық сапа мемлекеттік және қоғамдық институттар жиынтығын, адамдар (бір топ адам) және мемлекет арасындағы өзара қарым—қатынасты көрсетеді, осы арқылы конституциялық құқық және азаматтардың міндеттері қамтамасыз етіледі.

Оқудың мазмұны ішкі істер органдары мамандарының әлеуметтік—құқықтық дайындығына сәйкес болуы қажет, өйткені оқу орындарындағы барлық оқу-тәрбиелік процесс тәжірибенің мұқтажына байланысты құрылады.

Қазіргі басты мақсат — бұл ішкі істер органдары үшін әлеуметтік-құқықтық салада сауатты мамандарды дайындау, қылмыспен күресті ұйымдастыру бойынша оларға артылған міндеттерді қабілетті орындауда Қазақстанда ғана емес, сонымен қатар егеменді, демократиялық және құқықтық, шынайы мүдделі мемлекет құрудағы басқа мемлекеттерде де дайындау болып табылады.

¹ Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан».2007. 28 ақпан. // www.akorda.kz

² Сарсенова Ж. Н. Әлеуметтік жұмыс: Оқу құралы. — Алматы, 2004.